

УДК 340.141 (574)

Д.А.Турашбекова

Еңбек және Әлеуметтік қатынастар Академиясының з.ғ.к., доцент, Алматы қаласы, Қазақстан  
E-mail: [Dari\\_03@mail.ru](mailto:Dari_03@mail.ru)

### Кіші жүз ханы Әбілқайырдың мемлекет қайраткері ретіндегі қызметі

Мақалада қазақ халқының тарихында дипломатиялық келіссөздерді жүргізу мен тиімді пайдалану қасиеттерімен ерекшеленген Әбілқайыр хан туралы сөз қозғалады. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың мемлекет қайраткері ретіндегі қызметі ғылыми сомдалады. Ол өмір сүрген заманның саяси- мәмілегерлік, әскери жағдайы баяндалады. Заман сай әр түрлі әскери, мәмілегерлік әдіс-тәсілдері сипатталады. Ханның көрші мемлекет саясатында алған орны туралы сөз қозғалады.

**Түйін сөздер:** мемлекет қайраткері, әскери-мәмілегерлік қарым-қатынастар, әскери қасиеттер, мәмілегерлік қызмет, саяси таңдау.

D.A. Turashbekova

#### The state activity Little horde khan Abulhair

The article deals with the outstanding figure in the history of the Kazakh people of Abul Khair Khan. Scientifically described state activity Khan Junior Juz Abulhair, as well as political, diplomatic, military positions during the era of Khan. Considered various military and diplomatic methods. Defines the role and place of Khan politics of neighboring states.

**Keywords:** statesman, military and diplomatic relations, military qualities, diplomatic activity, political choice.

Д.А. Турашбекова

#### Государственная деятельность хана Младшего жуза Абулхаира

В статье рассматривается выдающейся личностью в истории казахского народа о Абулхаир хане. Научно описывается государственная деятельность хана Младшего жуза Абулхаира, а так же политико-дипломатические, военные положения во времена эпохи хана. Рассматриваются различные военные, дипломатические методы. Определяется роль и места хана в политике соседних государств.

**Ключевые слова:** государственный деятель, военно-дипломатические взаимоотношения, военные качества, дипломатическая деятельность, политический выбор.

Әбілқайыр ханның қазақ әскер жасағының Бас қолбасшысы ретінде атқарған іс-әрекеттер көрінісін суреттесек, XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамының саяси жағдайы айтарлықтай аса қиын болатын. Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайының әлсіреуіне ықпал еткен мән-жайлардың бірі – көршілес елдердің қазақ халқының жеріне көз салуында еді. Өз кезегінде қазақ қоғамының саяси жағдайын Ш.Уәлиханов былай деп мәліметтеген болатын: «XVII-XVIII ғасырлар аралығы қазақ

қоғамының тағдырында сұмдық қиын кездер болды. Жайық орыс-казактары, Еділ бойының қалмақтары, башқұрттар мен жоңғарлар бірінен кейін бірі қазақ халқына шабуыл жасап, олардың малын айдап, қазақтарды тұтқынға алды» [1, 426 б.].

Қазақтардың көршілес жұрттарымен қарым-қатынастары шиеленісіп, олардың арасында әскери соқтығысулар жиелітілді. Қазақ қоғамы жан-жағынан қауіп төніп, үлкен қатер алдында тұрды. Еділ қалмақтары, Жайық орыс-казакта-

ры, башқұрттар мен жоңғарлар жан-жақтан анталап, қазақ жеріне шабуыл жасауға дайын еді.

XVII-XVIII ғасырлар аралығы қазақ еліне жоңғарлардың шапқыншылығы аса күрделі қауіп төндірді. Ел басына күн туып, қазақ халқы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырады. Халықтың үштен екідейі қырылды. Бұл жүз жылдан астам уақытқа созылған қазақ – жоңғар шайқасының нәтижесі.

Өзінің жеке әскери дарындылығы мен қолбасшылық шеберлігімен көзге түскен Әбілқайыр осы кезеңде қазақ хандары мен сұлтандарының әскери шерулеріне жастайынан белсеңе қатысқан жауынгер. Жай ғана қазақ әскери жасағының жауынгері болған ол, он алты – он жеті жасында қазақ жасағының әскери басқарушыларының бірі болды.

Кіші жүзге көршілес орналасқан халықтарымен Әбілқайырдың ара-қатынасы әр түрлі шайқастар мен қақтығыстарға, мәмілегерлік келісім шарттарға толы.

Кіші жүз қазақтары мен башқұрттар арасындағы қақтығыстарды қарасақ, жеңіс пен жеңіліс екі жаққа алма кезек ауысып отырған. Сөзіміз дәлелді болу үшін біреу мысалдарға қысқаша шолу жасайық.

Еділ – Орал аймағындағы патша әкімшілігіне қарсы көтерілген башқұрттардың тарханы Алдар Исянгельдин айбынды қолбасшы Әбілқайырға арқа сүйегісі келіп, 1709 жылы Ноғай аймағына Кіші жүз ханын шақырды.

Башқұрт халқының тарихында өзіндік із қалдырған қолбасшылық талантымен, ұымдастырушылық қабілетімен ерекшеленетін қазақ сұлтаны Әбілқайырдың белгілі башқұрт игілерімен тығыз қарым-қатынас жүргізгендігі туралы деректердің бірінде, «башқұрт тарханы Алдар мен оның серіктері жас Әбілқайыр сұлтанды шақырып, оны хан деп атады» – делінген [2, 57 б.].

Осы мәлімет бойынша келесі сауал туады, Кіші жүз ханы болмай тұрып, Әбілқайыр башқұрт ханы болды ма?

Бұл жылдары оның башқұрт ханы болғаны туралы деректерде дәл айтылмаған. Бірақ ескеретін жай, сол заманда көп жағдайда хан тағына қазақ сұлтандарын башқұрт халқымен қоса, хиуалықтар да шақыратын.

1715 жылдың басында Әбілқайыр хан бастаған әскери күш башқұрт жеріне шабуыл жасады. Қазан губерниясындағы Черемшан

өзенінің алқабын басып алып, Ново-Шешминск станциясын өртеп жіберді [3, 116 б.].

1717 жылдың қысында Әбілқайыр 10 мыңдай әскермен башқұрт халқының Қазан уезіне жаңа жорық жасады. Ново-Шешминскіні басып алып, көп адамдарды тұтқынға түсірді. Бірақ кейін шегінуге мәжбүр болды.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Жайық орыс-казактарымен әскери соқтығысуы тарихи арнада өзіндік із қалдырған.

Кіші жүз қазақтары мен Жайық орыс-казактарының қарым-қатынасы тарихи өзара жаулық, соғыс-шайқастары, бірін-бірі тұтқынға алу, малдарын айдап әкету көріністеріне толы. Соның кейбір шайқастарына тоқталсақ.

1718 жылы, қазақтар мен қарақалпақтардың 20 мың әскері Жайық қалашығын бір ай қоршауда ұстайды. 1719 жылы шілде айында Кіші жүз ханы Әбілқайыр 20 мың әскермен келіп тағы да Жайық қалашығын қоршауға алды. Жайық қалашығы қазақ әскери жасағының қолына түсер еді, егер Әбілқайыр ханның қаланы қалдырып, Еділ қалмақтарына шабуыл жасауы болмаса.

1723-1724 жылдар аралығында Кіші жүз ханы Әбілқайыр Жайық қалашығына қайта шүйіледі. Сол кездерде тарих көрінісінде қалған орыс-казактары мен қалмақтардың біріккен әскер отрядтары қазақ әскерімен Утва, Самара, Шаған өзендері бойында талай рет шайқастар жүргізді [4, 108-110 бб.].

Әбілқайырдың қалмақ хандығымен аянбай күресуінің бірден-бір себебі, қоныс мәселесі. Өйткені, Жайық өзенінің жағалауындағы жайылымдар мен ормандар тұрмысқа өте қолайлы еді. Осы ретте, Жайыққа таласуын қоймаған Әбілқайырдың мынандай сөз жолдары кездеседі: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, қазақ халқы бұл жерден айырылмайды. Өйткені қазақ елі мұндай жайлы жерді еш жерден таппайды» [5, 366 б.].

Әбілқайыр жоңғарлармен күреске баса назар аударды, өйткені қазақтардың ең басты жауы жоңғарлықтар болды. Қазақ халқына басты қауіп-қатер солардың тарапынан төніп тұрды.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Жоңғария халқымен түскен әскери қақтығыстарға тоқтау алдында, сол кезеңдегі қазақ – жоңғар халқының тарихи арнасына көз жүгірттейік.

Егер Әбілқайырдың қалмақ ханы Аюкемен күш санаспай күресуінің себебі – қоныс мәселесі болса, онда жоңғар билеушісі Сыбан

Раптан да қазақ иелігіндегі жерге үйлікті, оның түпкі мақсаты – көшпелілердің біртұтас империясын құру болды.

Аюкенің шығыстағы қандасы Жоңғариямен әскери одақ құруға әрекеттенуі, қазақтарға соққы жасауға дайындалуы жаулық жолын одан әрі жалғастырды. Сөйтіп, қазақ халқына қос қауіп төніп келе жатты.

Жоңғар ханының Аюкемен әскери одақ құруға тырысуының басты себебі – басқыншылық саясаты болды. Өз қоныстарынан айырылып қалу қауіпі Кіші жүзге де төнді.

Осындай қиын кезеңде елден бұрын мәнжайды түсініп, аз уақыт ішінде ірі әскери күш құрып, басқыншыларға қарсы күресті ұйымдастырған Әбілқайыр хан еді.

Жағдайды тез саралаған ол, 1723 жылдың тамызында 20 мыңдық қазақ, қарақалпақтардың біріккен әскерімен Арал маңында Сыбан Раптан мен Аюкенің күштеріне соққы беруге аттанды. Еділ – Жайық арасына шағын әскери топтарын қалдырған Әбілқайыр Еділ қалмақтарының жеріне бет алды. Кіші жүз ханы Әбілқайыр қазақтардың көшіп-қону аумағын солтүстік-батысқа қарай кеңейткісі келіп, Еділ даласына бағытталған жорығын одан әрі жалғастырды. 1723 күзінде Еділ қалмақтарының шекара қоныстарына жетті. Бұл ауданда оның ірі әскери күшпен кенеттен пайда болуы қалмақтар арасында үлкен қобалжу тудырды. Сөйтіп, 1723 жылдың 28-ші қарашада Әбілқайыр әскері Лекбай ұлысын талқандап, көптеген тұтқындарды ұстап, малдарды айдап кеткен [4, 174-175 бб.].

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың әр көршілес халықтарымен жасасқан әскери қақтығыстар тарихының көрінісінде қалмақтардың Кіші жүз қазақтарымен қатынастарының қалай басталғанына тоқталсақ. Қалмақтар XVII ғасырдың 20-шы жылдары 50 мыңдай шаңырақ қалмақтары Жайық пен Еділ арасында орналасқан ноғайларға қарсы соғысты. Өзара ішкі алауыздықтан әлсіреген Ноғай ордасын қалмақтар бірнеше рет талқандап-жеңіп, екі өзеннің бойында жаңа бір қалмақ хандығы орнайды. Сөйтіп, қалмақтар бір ғасырдан астам жыл бойы Кіші жүз қазақтарының тысырттындағы қатерлі дұшпандары болды.

XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың бірінші жартысында 54 жыл бойы Еділ қалмақтары, Аюке хан тұсында көрші қазақ және қарақалпақ, Хиуа қоныстарына жиілетіп

шабуыл жасап, жаулаушылық саясатын жүргізді. Аюке хан тұсында қалмақтар Қазақстанның солтүстік-батыс аймағына жиі көз тігіп отырды.

Әскери дарындығы мен шеберлігі арқасында, әрі шайқастарда ер жүректілігін көрсете білген Әбілқайыр қазақ халқының кең даласында үлкен атаққа ие болды. Әбілқайыр көрші елдердің шабуылын болдырмауда белсенді ішкі саясат жүргізді. Ол тек жоңғармен күш алысқан жоқ, Еділ қалмақтарымен, башқұрттармен, Жайық орыс-қазақтарымен де күш сынасты. Әбілқайырдың әскери ер жүректілік пен шеберлік қасиеттері тек жау қатарында ғана емес, сонымен өз қазақ халқының ақсүйектер арасында да атақ пен құрметке толы болды. Әбілқайыр тамаша саясатшы, ел билеуде ерекше көзге түскен әккі билеуші, атағы кең тараған сардар.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың үлкен әскери жетістіктері – 1726 жылы көктемде Торғай даласында Бұланты өзені бойында, «Қалмақ қырылған» деп аталған Қара сиыр деген жерде, 1729 жылы Балқаш көлінің солтүстік-шығысында Аңырақай даласында үш жүздің әскери күшіне бас қолбасшы болған Әбілқайырдың үлесімен жоңғарлар талқандалды.

Бұл жеңістер қазақ халқына ең қажет кезінде тыныс берген аса елеулі тарихи оқиғалардың бірі болды. Әрине, ұлы жеңістердің басты кепілі – қазақ халқының өзара ішкі ынтымақтықпен тізе қосып күресуінде екенін ескергеніміз жөн. Сонда да, жеке ерліктерімен жан аямаған батырлар болғанымен де үш жүздің әскери жасағының күшін біріктіріп ұрыс даласында үйлестіруде Әбілқайырдың жөні бөлек.

Ғасырдан ғасырға өткен бұл шайқастарда жеңушілер де жеңілушілер де тарих көріністерінде орын алды. Сол дәуірдегі екі ірі халықтардың соғысы бірін-бірі әлсіретті. Әсіресе қазақ халқын жоқ қылуға сәл-ақ қалды. «Қалмақ қырылған» шайқасының, «Аңырақай» шайқасының жеңістері қазақ халқының еңсесін көтеріп, жауға қарсы бірігу идеясын кең жайды.

Көрнекті ұйымдастырушы, қазақ батырларын біріктіре білген тамаша қолбасшы Әбілқайыр халықтың мұңын терең түсінді. Ордабасыда қазақ билеушілерінің шешіміне сай жоңғарларға қарсы үш жүздің біріккен әскери жасағына қолбасшылық жасау көпшілік дауыспен Әбілқайыр ханға жүктелді.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өз заманындағы басқа әскер басшыларынан айырмашылығы – бірнеше майданда қатар соғысуы, ол, Еділ қалмақтарымен, башқұрттармен, Жайық орыс-казактарымен, жоңғарлармен, сондай-ақ Хиуа хандығымен күш сынасты.

Байқағанымыздай, Кіші жүздің көршілес орналасқан халықтармен қарым-қатынасы әр түрлі шайқастар мен қақтығыстарға толы.

Әбілқайыр хан – қазақ халқының тарихында дипломатиялық келіссөздерді жүргізу мен тиімді пайдалану қасиеттерімен және осы салада ерекше ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген біртуар тұлға. Қазақ-башқұрт қатынастары тек әскери шапқыншылықтармен шектелмеген, сонымен қатар дипломатиялық келіссөздер де тарихта орын алған.

Кіші жүз ханы Әбілқайыр қазақ – башқұрт қатынастарына байланысты көтерген күрделі мәселелердің бірі – 1734 жылы қазақ даласын отарлаудың тірегі болған Ор бекінісін салу мәселесін ұсынды. Бұл ұсынысты бір жағынан әскери бекінісі, екінші жағынан сауда мәселесін дамытудың қайнар-көзі ретінде қарастырған. Ресей мемлекеті Әбілқайырдың бұл ұсынысын қолдап отырып, [5, 116 б.] және ханның мемлекет қайраткерлік қызметіне риза болды.

Қазақ - башқұрт қатынастарында Кіші жүз ханы Әбілқайырдың саясатында да қайшылықтар аз болмағанын айтқанымыз жөн. Соған да қарамастан Әбілқайыр өзіне тиімді жақтарымен пайдалана білген.

Қазақ пен жоңғар билеушілері арасындағы күрес жүз жылдан астам уақытқа созылғаны бізге мәлім. Әсіресе, XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ - жоңғар қарым-қатынастары өте шиелінескен жағдайда болды. Жоңғар феодалдары қазақ жеріне агрессиялық шабуылды жиілетті. Олар қазақ жүздерінің ішкі алауыздығын пайдаланып, 1723 жылы Қазақстанға агрессиялық, алапат соғыс бастады. Жоңғар агрессорларының Қазақстан жеріне басып кірген бұл шабуылы тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» деген атаулармен танымал.

XVII-XVIII ғасыр аралығындағы тарихи ақиқаттарын еске түсірсек, Еділ қалмақтары, башқұрттардың жер дауы, барымта шабуылы, жоңғар басқыншылығы қоса-қабат шабуыл жасауы қазақ қоғамының әлеуметтік – саяси қалыптасуына кері ықпал жасады. Осындай

ауыр жағдайдан шығудың дұрыс жолы Кіші жүз ханы Әбілқайырдың дипломатиялық көзқарасы бойынша Ресей мемлекетінің қол астына кіру.

Сөйтіп, 1731 жылдың 19-шы ақпанында императрица Анна Әбілқайыр ханға және оған тиесілі қазақ халқымен қоса Ресей қол астына кіргені туралы грамотаны жіберді.

Дипломатиялық әдіс ретінде жоңғар қонтайшысына бағыну емес, бар болғаны Ресейге саяси ықпал жасау. Себебі, қазақ халқының Ресей бодандығын қабылдағалы бері олардан ешқандай көмек берілмегендігі. Шын мәнінде бұл Кіші жүз ханы Әбілқайырды ақылды, парасаты, ойы озық мемлекет қайраткері ретінде растайтын дипломатиялық әдістерінің бірі.

Әбілқайыр Ресей патшалығының сыртқы саясатының негізін түсінді. Дипломатиялық тактиканы терең түсіне білген Әбілқайыр жоңғар қонтайшысымен жақындасқаны Ресейге кері оқ болып тиетінін түсінді. Енді, ол өзіне пайдалы жағын ойластырды [4, 53 б.].

Сондықтан болар, «Кіші жүз ханы өзінің сыртқы саясатында екі жүзді бағыт ұстады» деген тұжырым кездеседі. Бір мезгілде патша өкіметінің де, жоңғардың да бодандығында болуы оның саясатшылығының көрінісі емес, опасыздығының белгісі деп те бағаланды. Әбілқайыр екі елге де адал қызмет етпеген. Ол өзіне жоңғар халқынан келген ұсыныстары мен елшіліктері жайында Орынборға үнемі хабарлап отырған. Осының өзінде тиімді жағына қарай бұрып жеткізе алған [2, 343 б.].

Іс жүзінде Әбілқайыр патша әйелінің шын берілген қызметшісі болған жоқ екенін айттық, ол кей кездерде жоңғар билеушілерінің де көңілін қалдырмады. Сонымен қорыта келгенде, бұны далалық дипломатияны жетік меңгерген Әбілқайыр саясатының екі үштылығы емес, сол замандағы ерекше мәмілегерлік тәсіл түрі ретінде түсіну керек.

Тиімді жерінде әскери әрекеттерден көрі мәмілегерлік тәсілдерді молырақ пайдалануға тырысқан, Кіші жүз ханы Әбілқайыр. Оған дәлел, 1742 жылы қазақ хандығымен еділ қалмақтары бітім-келісім шартқа келді. Осы мәмілегерлік шарты Орынбор губернаторына Әбілқайыр былай деп хабарлайды: «біз қалмақтармен бейбітшілік орнаттық. Біздің барлығымыз бір мемлекет құрамында болғандықтан, бір екенің балдарындай тату-тәтті өмір сүретін боламыз» [3, 201 б.].

Бұл мәселені қорытындылай келе аңғаратын бір жай, Әбілқайырдың қалмақтар арасындағы қайшылықтарда қазақ мемлекетінің мүддесіне қарай шебер пайдаланғандығы. Ол дербес мемлекеттің қайраткері ретінде, еділ қалмақтарына жиілетіп елшілік жіберу арқылы сол елдің қазақ хандығына бағытталған саясатын айқындап отырған.

Әбілқайыр тек әскер өнерін жетік меңгерген қолбасшы ғана емес, сонымен қоса тамаша саясатшы болғанына көзіміз жетті. Мәмілегерлік өнерді жақсы игерген ол, көрші елдермен қарым-қатынасты келіссөзбен шешуге тырысқан. Бұл, оның саясатшылдығын ерекше даралайды.

Кіші жүз ханы Әбілқайыр – башқұрт, жоңғар халықтарымен, Еділ қалмақтарымен, Жайық орыс-казактарымен, Хиуа хандығымен саяси қарым-қатынастарды түйіндесек, аталмыш халықтармен қандай да бір күрделі мәселелерді көтере, олардың нәтижелерін өзі үшін, халқы үшін мол пайдалана алған қазақ даласының қайраткері.

Жалпы, Әбілқайыр ханның қазақ қоғамының тағдырына қалдырған ізі – біріншіден, қоршаған ортасы анталасқан жау арасында өзінің

жеке әскери қолбасшылық шеберлігі мен дипломатиялық келіссөздерді жүргізуде өзіне тиімді пайдалана білген мемлекет қайраткері ретінде. Екіншіден, Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдаудағы алғашқы қадам жасасқан тұлғаның бірі ретінде қызметі сипатталады.

Ресейге бодан етуге Әбілқайыр хан үлкен үлес қосты. Ол, сол кездегі қазақ даласында туындаған ішкі және сыртқы саясаты бағалап, ішкі тартыстың тоқтатуын және Жоңғар әскерінің басқыншылығынан Ресей өкіметінің көмегімен тоқтатуға болатынын саяси тұрғыдан саралай білген жан.

Әбілқайыр хан орыс өкіметі арқылы саудасаттық мәселесін дамыту мүмкіншіліктерін қолданғысы келді. Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін Әбілқайыр хан орыс өкіметінен Ор өзенінің Оралға келіп құйылған жеріне қала салуын сұрады. Ол қала, біріншіден, қазақ жерін башқұрт-қалмақтардың шабуылынан қорғайды, екіншіден Ресеймен сауда жолының орталығы болады деп ойлады. Ор бекінісі Кіші жүз ханының ой-мақсаты бойынша тағы да хандық билік мәртебесін жоғарлататын еді.

#### Әдебиеттер

1. Валиханов Ч.Ч. Аблай [[ Собрание сочинений 5-и томах. – Алма-Ата: АнКазССР, 1961. – Т.1.
2. Добросмыслов А.И. Материалы по истории России. – Оренбург, 1900. – Т.2. – 303 с.
3. Ерофеева И.В. Хан Абулхайр полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – 336 с.
4. Озғанбай Ө. Ресей Думасы және Қазақстан (1905-1907 жж.). – Алматы, 1997. – 460 б.
5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: АНКазССР, 1961. – 739 с.

#### References

1. Valihanov Ch.Ch. Ablay [[ Cobranie sochineniy 5-i tomakh. - Alma-Ata AnKazSSR, 1961. - T.1.
2. Dobrosmyslov A.I. Materialy po istoryy Russyy. - Orenburg, 1900. - T.2. - 303 p.
3. Erofeyeva I.V. Abulkhair Khan - a commander, ruler and politician. - Almaty: Sanat, 1999 - 336 p.
4. Ozganbay O. Resey Dumasy zhane Kazakhstan (1905-1907 zh.). Almaty, 1997. - 460 b.
5. Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries: the collection of documents and materials - Alma-Ata, ANKaz SSR, 1961 - 739 p.